

Сырым аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 қазандағы № 10-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 23 қазанда № 7271-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырым аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Сырым аудандық мәслихатының 2014 жылғы 6 наурыздағы "Сырым ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы" № 17-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3471 болып тіркелген);

2) Сырым аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 сәуірдегі "Сырым аудандық мәслихатының 2014 жылғы 6 наурыздағы № 17-4 "Сырым ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 16-3 шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырым аудандық мәслихат төрағасы

Ш. Дуйсенғалиева